

**КОЖА АХМЕТ ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАЗАҚ-ТҮРІК  
УНИВЕРСИТЕТІ  
ӘЛЕУМЕТТІК -ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР ФАКУЛЬТЕТІ  
ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯ ДАЯРЛАУ БАҒЫТЫ БОЙЫНША  
АКАДЕМИЯЛЫҚ КОМИТЕТ МӘЖІЛІСІНІҢ  
№ 4 ХАТТАМАСЫ**

Түркістан қаласы

«25» 12.2023ж.

**Қатысқандар:** АҚ төрағасы: п.ғ.к., доцент м.а. А.Қ.Рысбекова, АҚ мүшесі, академиялық персонал С. Алимбекова, АҚ мүшесі, академиялық персонал П.Қ.Искакова, АҚ мүшесі, академиялық персонал п.ғ.к., доцент Ж.Н.Садуова, АҚ мүшесі, академиялық персонал PhD аға оқытушы Ж.Бұраева, АҚ мүшесі, академиялық персонал аға оқытушы С.У.Паштанов, АҚ мүшесі, академиялық персонал магистр оқытушы Д.С.Жарқынбекова.  
Қатыспағандар: - жоқ

**Күн тәртібі:**

1. ББ ішкі аудитін ұйымдастыру
2. Докторантура деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалау
3. «Шет елдердегі ЖОО-ларда ББ» атты семинар ұйымдастыру
4. Желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

**Тыңдалды:****Күн тәртібіндегі бірінші мәселе: ББ ішкі аудитін ұйымдастыру.**

**АҚ төрағасы А.Рысбекова:** Саламатсыздар ма, АҚ мүшелері, бүгінгі күн тәртібінде АҚ жұмысын ұйымдастыру Бірінші мәселе бойынша тоқталсам, Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудиті ұйымдастырылып 6B011, 7M011, 8D011- Педагогика және психология даярлау бағыты бойынша оқу жоспарында көрсетілген пәндерге аудит жүргізілді. Қазіргі нарықтақ заманауи сұраныстағы заман талабына сай бәсекеге қабілетті маман дайындау үшін қажетті пәндерге сараптама жасалды. Жұмыс берушілермен М.Әбенова атындағы орта мектебі коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры: Т.М.Мендібаева және "№23 жалпы орта мектеп" директоры Ж.Ж. Азретбергеновамен кездесу өткізілді. Кездесу барысында 6B011, 7M011, 8D011 - Педагогика және психология даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламалары егжей-тегжейлі талқыланды.

6B011, 7M011, 8D011 - Педагогика және психология ББ бағдарламасы бойынша жұмыс берушілер болашақ кадрларда қандай негізгі құзыреттіліктерінің болуы керектігіне тоқталып, бағдарламалардағы пәндер практикаға бағытталса –деп ұсыныстарын білдірді. Білім беру бағдарламаларын талқылау барысында жұмыс берушілердің ұсыныстары ескеріледі.

**АҚ мүшесі - Искакова П.:** Бірінші мәселе бойынша тоқталсам, Бакалавр деңгейіндегі ББ ішкі аудитін ұйымдастырылып Педагогика және психология даярлау бағыты бойынша оқу жоспарында көрсетілген пәндерге аудит жүргізілді. Білікті, білімді, заман талабына сай бәсекеге қабілетті маман дайындау үшін қажетті пәндерге сараптама жасалды.

1. ББ сипаттамалары
2. Еліміздегі және шет елдердегі ең үздік ББ жүзгізген бенчмаркинг нәтижелері талданды.
3. Соңғы үш жылда ББ қатысқан рейтинг нәтижелері қарастырылды.
4. Еліміздегі және шет елдердегі ЖОО серіктестік жұмыстар нәтижелері сарапталды.
5. Білім алушылардың контингенті.
6. ББ-оқу-әдістемелік қамтамасыз ету нәтижелері.
7. Түлектердің жұмысқа орналасуы талданды.



8. Жұмыс берушілердің түлектердің сауалнама нәтижелері қарастырылды.

10. Жұмыс берушілермен байланыс нәтижесі сарапталды.

Жұмыс берушілермен кездесу өткізілді. Кездесу барысында Педагогика және психология даярлау бағыты бойынша білім беру бағдарламалары егжей-тегжейлі талқыланып, жұмыс берушілер болашақ кадрларда қандай негізгі құзыреттіліктерінің болуы керектігіне тоқталып, бағдарламаларда практикаға негізделген қандай пәндердің болуы керектігі туралы өз ұсыныстарын білдірді.

Ішкі аудит есебі соңында комиссия мүшелері өз ойларын білдірді.

**Күн тәртібіндегі екінші мәселе:** Докторантура деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалау. **АК мүшесі, п.ғ.к., доцент м.а. Ф.Искакова:** Докторантура деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалау, яғни ББ бағдарламасын қайта даярлауда маманға деген қажеттілікті айқындалып, жұмыс берушілердің сұраныстарын ескере жанашыл көзқараспен үнемі жақсы нәтижелерге жеткізуге мүмкіндік іздеу керек.

**АК төрағасы А.Рысбекова:** Жобалау кезінде ББ-сын толыққанды іске асыру үшін қажетті және жеткілікті ресурстар анықталалы. Кадрлық және әлеуметтік ресурстар. ББ жүзеге асыру тиісті және ресми құжаттармен расталған білімі бар ғылыми-педагогикалық кадрлармен қамтамасыз етіледі. Ғылыми-педагогикалық кадрлардың біліктілігіне қойылатын талаптар ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен бекітілген «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптары» негізінде айқындалады. Осы талаптарды қамтамасыз ету үшін кафедрадағы кадрлардың Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес. Білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету саласында ББ талқылауға әріптес жұмыс берушілер қатарынан эксперттердің қатысуы міндетті процедура болып табылады. Жұмыс берушілер ББ жобалау мен жүзеге асыруға тікелей қатысады. АК мәжілістеріне міндетті түрде жұмыс берушілер қатысады, олар ББ мазмұнына, оқу пәндерінің бағдарламаларына және кәсіби іс-тәжірибелердің бағдарламаларына өз ұсыныстарын енгізеді. ББ мазмұны бағдарламаның оқу пәндерін анықтау арқылы жобаланады. Модульдер ББ оқу нәтижелері (ОН) тұрғысынан алғанда дербес, аяқталған, білім алушылардың алатын білімдері, дағдылары, күзінеттіліктері мен нақты бағалау критерийлері анық тұжырымдалған құрылымдық элементі болып табылады. Әр модульдің пәндері логикалық тізбек бойынша орналастырылған, ББ жобалау кезеңінде бағдарламаның ОН күзінеттіліктеріне байланысты, білім беру деңгейіне, кәсіби стандарттардың талабына және жұмыс берушілердің талаптарына, сонымен қатар университеттің даму стратегиясына бағытталап тұжырымдалады.

### 3.«Шет елдердегі ЖОО-ларда ББ» атты семинар ұйымдастыру.

Күн тәртібіндегі үшінші мәселе: «Шет елдердегі ЖОО-ларда ББ» тақырыбында п.ғ.к., аға оқытушы С.Алимбекова өткен семинардың нәтижесі бойынша АК төрайымы п.ғ.к., аға оқытушы А.К.Рысбекова сөз алып, ұйымдастырылған семинардың барысы туралы қысқаша мәлімет берді. Семинарды ұйымдастырудың негізгі мақсаты – кафедраға қарасты «Педагогика және психология» білім беру бағдарламасын жобасын жасауға бағытталған тәжірибемізді жетілдіру мақсатында шет елдердегі ЖОО ББ бағдарламаларын талдау. Семинарда жалпы шет елдердегі ББ мазмұнын жобалау мәселелеріне шолу жасалды. Жобалаудың тиімді тұстары, оқытылатын пәндер туралы АК мүшелерімен талдау жасап тиімді жақтарын бөліп көрсеттік. 2024-2025 оқу жылына «Педагогика және психология» ББ бағдарламасын магистратура бойынша жанарту үшін оқытушы-профессорлардың ұсыныстарын талдадық. Семинарда жасалған баяндама барысында АК мүшелері ББ мазмұнын жобалау технологиясымен танысты. Баяндамашы п.ғ.к., аға оқытушы С.Алимбековаға сұрақтар беріліп, өз ой-пікірлерін ортаға салып, ББ бағдарламасының жобасы туралы ұсыныстар қарастырылды.

### 5. Желтоқсан айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

АК төрайымы п.ғ.к., аға оқытушы А.Қ.Рысбекова: Желтоқсан айында ББ ішкі аудитін ұйымдастырылды, докторантура деңгейіндегі ББ мазмұнын қайта жобалау қарастырылды, «Шет елдердегі ЖОО-ларда ББ» атты семинар ұйымдастырылып, ББ- н жобалаудағы мүмкіндіктер қарастырылды, бағдарлама мазмұнының жобасы анықталды. Желтоқсан айында жоспарланған шарала қанағаттанарлық деңгейді жүзеге асырылды.

**Шешім:** 6B011, 7M011, 8D011 - Педагогика және психология ББ ішкі аудитін ұйымдастыру қанағаттанарлық деп табылсын. Докторантура деңгейіндегі ББ мазмұны қайта тұжырымдалсын. «Шет елдердегі ЖОО-ларда ББ туралы мәліметтер назарға алынсын.

АК төрайымы:



А.Рысбекова

Хатшысы:



С.Паштанов